



KAZAKH AREL-KHANS UNIVERSITY  
OF INTERNATIONAL RELATIONS AND  
WORLD LANGUAGES

# Тіл әлемі Мир языков

31 октября 2016 г., № 8 (158)  
Издается с апреля 1997 года

31 қазан 2016 ж., № 8 (158)  
1997 ж. сәуір айынан бастап шығады

25-ЛЕТИЮ  
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН  
ПОСВЯЩАЕТСЯ



## БОЛАШАҒЫМЫЗ - БІРЛІКТЕ!



### Конкурс на знание истории Независимого Казахстана

31.10.16 года, в рамках празднования 25-летия Независимости Республики Казахстан, в актовом зале КазУМОиМЯ имени Абылай хана прошел университетский конкурс на знание Истории Независимого Казахстана. Конкурс носил название «Заседание Нижней Палаты Мажилиса Парламента», представляющий собой выступление команд-комитетов, входящих в состав Мажилиса.

В конкурсе приняли участие команды всех факультетов. Они представляли собой Комитеты, направленность работы которых близка к профессиональной деятельности факультета, так как студентам предстояло представить команду в рамках изучения и презентации целей и задач указанного Комитета, функционирующего в составе Нижней Палаты Мажилиса Парламента Республики Казахстан в реальной жизни. Также команды-комитеты озвучивали достижения Республики Казахстан за годы Независимости, обсуждали актуальные проблемы, стоящие перед казахстанским обществом, отвечали на вопросы из современной истории. Также, командами были подготовлены музыкально-литературные номера-поздравления.

Стоит отметить, что к данному конкурсу студенты подошли со всей серьезностью, ответственностью и блестяще справились со всеми заданиями!

Кафедра «История Казахстана и общественных наук»

### Новости университета

### Наши победители



**Адия  
Абдурахманова  
завоевала 1-место  
на международном  
конкурсе**

Студентка 4 курса специальности «Туризм» Адия Абдурахманова завоевала 1-место на международном конкурсе имени Марианны Мюллер. Данный конкурс проходил в рамках ежегодной Конференции международной ассоциации EURHODIP

с 13 по 16 октября 2016 года в городе Ереван, Армения. Наш университет является членом данной ассоциации и ежегодно студенты специальности «Туризм» участвуют в конкурсе студенческих проектов. Ранее студентки Алимбекова Акнур, Каюмова Камила, Кусаинова Айнур были награждены грамотами и медалями EURHODIP за 1 и 2 места.



**«Тіл - парасаты»  
- языковой  
конкурс**

Цель конкурса: расширить сферу применения казахского языка, поднять уровень государственного языка у каждого гражданина нашей страны.

Сегодня завершился городской этап конкурса «Тіл - парасаты», где студентка 2 курса ФПИФ **Драчева Оксана** заняла первое место! Давайте поздравим нашу победительницу и пожелаем ей удачно выступить уже на Республиканском уровне!



## Менің елім – тәуелсіз Қазақстан

Мен – тәуелсіз елдің еркін ұланымын. Туған елім – Қазақ елі. «Оңай сөз ғой Отанды сүйем деген, мен Отанды атамдай иемденем» деп ақын жырлағандай, Отан, Атамекен деген сөздерде ерекше кие бар деп сезінемін. Отанды, туған елді сүю жүрегіме бала кезден жатталған осындай қарапайым сөздерден басталады.

Мен – рухы асқақ, намысы биік тәуелсіз қазақ елінің ұланымын. Халқымның қай мұрасын оқып, үйренсем де, одан тек үлгі мен өнеге, ақыл мен парасат, адамгершілік пен иман, достық пен бауырмалдық айқын көрініп, анық танылып тұрады.

«Менің елім – тәуелсіз Қазақстан!» деген сөзді зор мақтанышпен айта аламын. Қазақ елінің ұланы болғаным жүрегімді қуанышқа бөлейді. Мен – жоқтан бар, иманнан ар жасаған халықтың ұрпағымын. Менің елім «мың өліп, мың тірілген» қайсар рух арқасында тәуелсіз ел болды.

1991 жылғы 16 желтоқсан – біз үшін ерекше күн. Осы күн – сан мың жылдар азаттық үшін арпалысқан, атамекен елі үшін аянбай күрескен бабалар арманының орындалған сәті, «Қазақ» деген ұлы халықтың жұлдызының жарқырап жанған сәті. Содан бері ширек ғасыр өтіпті.

Осы уақыт ішінде әрбір қазақтың деген адам «тәуелсіздік» деген тәтті сөздің сарқылмас құдіретін жан жүрегімен сезінді деп ойлаймын. Тәуелсіздіктің ұлы Рухы біздің болашаққа деген сенімімізді нығайта түсуде.

Аспанында Алтын күн жарқырап, Алтын қыран қалықтаған шырайлы шақта тәуелсіздік деген сөз бәріміздің жүрегімізде, әр шаңырақтың төрінде салтанат құрды. Ең бақытты сәттер осы шығар!

«Мәңгілік ел – Тәуелсіздіктің өмірлік философиясы» деген Елбасының сөзі менің балалық жүрегіме қуаныш ұялатып, елімнің ертеңіне менің де жауапты екендігімді есіме салып, елімнің болашағына деген сенімді нығайтады.

Мен – Ұлы Дала перзентімін. Ұлылардың ұрпағымын, олардың өндері мен жырларының, күйлерінің жалғасымын. Мен елімнің рәміздерін ерекше құрметтеймін. «Менің Қазақстаным» деген әрі қарапайым, әрі қайсар сөз ұлттық Әнұран болып, әр жүректің төрінен орын алды. Осынау жан тебіренерлік қуатты әуен шырқалғанда, кеудемді шаттық кернеп, оң қолымды жүрегіме қойып салтанатым тасып тұрады.

Мектепте, салтанатты жиындарда аспан түстес көк туым көтерілген кезде менің сезімді сөзбен айтып жеткізе алмаспын. Ол – менің тәуелсіз елімнің туы, еркін, дербеспіз деген ой жанымды әлдилейді. Әнді жақсы көремін. «Көк тудың желбірегені» әні орындалған сәтте көңілім қуанышқа кенеліп, көзіме жас та келетін сәттер болады.

Аяулы Ана тілім – менің мәңгілік мақтанышым. Ана тілім – таусылмайтын байлығым, салт-санамның, өмірімнің тірегі. Менің Ана тілім – қасиетім, қадір тұтар Ұлағатым, Ар мен намысым, тәуелсіздігімнің тірегі.

Біз – бабалар аманатын болашаққа апаратын ұрпақпыз. Олардан мұра болып қалған қасиетті жерімізге ие болып, Отанымыздың көк байрағын нық ұстап, ұлағат пен ұятты, адамдық пен адалдықты, ең бастысы – Ар мен Намысты жоғалтпау – менің азаматтық борышым деп білемін.

«Тәуелсіздік – төңірдей табынарым,

Тәуелсіздік – Арманы барлық жанның

Тәуелсіздік – менің таңдауым...» – дейді менің жүрегім...

## Мен еркін елдің ұланымын!

Аптай мен Атыраудың арасындағы көз жеткісіз кең дала төсінде, Ертіс пен Еділдің, Арқа мен Алатаудың арасындағы ұлан ғайыр атырапта, Сарыарқаның төрінде қазақ дейтін ел бар. Ежелден өздерін көк бөрінің ұрпағы санайтын әр рухты қазақ деген халық бар. Бұл даланың қойнауы кенге, егісі дөңге, өрісі малға толы. Ұшы-қиыры жоқ даласы, аспанмен астасқан тауы, сарқыраған өзені бар, шөбі шүйгін, суы бал бұл жерді жерұйық дерсіз.

Бүгінде Еуразияның жүрегіндегі алып елдің тарихы терең. Сонау орта ғасырларда-ақ халық болып қалыптасқан қазақ елі кешеден бүгінге дейінгі аралықта талай уақыт қатпарын артқа тастады. Қазақ ел болып қалыптасуда қиын да қилы жолды жүріп өтті. Сол жолда елі мен жерін жаудан қорғаған жанкешті батырларымыз бен ақиық ақындарымыз қаншама! Талай жауға төтеп беріп, осынау кең жерді қасық қаны қалғанша қорғап, бізге мұра етіп кеткен бабаларымыз бір төбе. Әуелі Қазақ хандығын құрып, ту тіккен Керей мен Жәнібектен бастау алатын тізбек Қабанбай, Бөгенбай, Наурызбай батырлармен, ер Жәнібек, Райымбек, Баян батырлармен, одан қалды қаһарлы күндерде отан үшін аянбай шайқасқан батыр Бауыржан, Рахымжан, қазақтың қос жұлдызы Әлия мен Мәншүктердің есімімен толығады. Бұл жандармен қоса тәуелсіздік жолында аянбай қан мен тер төккен ұлы тұлғалар да аз емес. Елінің ертеңі үшін ұшан теңіз еңбек етіп, алайда жазықсыз жала жабылып, сұм саясаттың құрбаны болған Алаш қайраткерлері мен атақты ақын, жазушылар есімдерін естен шығармауға тиіспіз. Ата-бабамыз аңсаған азаттық үшін шайқастың соңғысы – Желтоқсан көтерілісі. «Біз әуелден еркін еліміз, бізді ешкім бұғаулап отыра алмайды» деп атойлап алаңға шыққан Қайрат, Ербол, Сәбира, Ләззаттардың есімдері де ел жадында сақтаулы. Тәуелсіздік жолында азапқа түскен, сол бір қасиетті жолда жанын пида еткен намысшыл, әр рухты жандардың өздері елге де, есімдері келер ұрпаққа естелік. Олар қазір жоқ, алайда олардың асқақ арманы орындалды. Ол бүгінгі тәуелсіздік!

1991 жыл – еліміздің «Қазақстан» деген атпен барша әлемге алғаш аяқ басқан жылы. Қазақ елін тәуелсіздік алған күні-ақ күллі жұртшылық таныды. Елім ел болып ту тігіп, жеріме қазық қағып, шекарасы сызылған сәттен бері алғанда, биыл тұғырлы тәуелсіздікке тура 25 жыл. Осы уақыт ішінде көгінде қыраны қалықтаған, әнұраны шарықтаған, көк туы желбіреген еңсесі биік елге айналдық.

Елбасының көреген саясатының арқасында талай биікті бағындырдық. Жан-жақты дамыған, өркендетті ел болдық. Білім мен мәдениеттен де кенде емеспіз. Қазіргі Қазақстан халықаралық стандарт бойынша білім беру жүйесі дамыған елдер тобына кіреді. Елде ауыз толтырып айтарлықтай спортшыларымыз да бар. Саясатта да жетістік жетерлік. Ел болып бірігіп талай жоспарды жүзеге асырдық. Президенттің «2030 стратегиясы», «2050 стратегиясы», «100 нақты қадам» жоспарлары, сондай-ақ тағы басқа да айқын мақсатты жолдары бар.

Бұлармен қоса қазақ елінің ел ордасы Астана бой көтерді. Қазірде Астана барша әлем танитын, көргендер таңдай қағатын әсем қала. Болашақтың қаласы. Бас қала алда дүниежүзілік «ЭКСПО-2017» көрмесін өткізбекші. Міне, бұл біз мақтанып айтар қарқынды жұмыстар қатары.

Жалпы, қазақ елінің, тәуелсіз Қазақстанның азаматы ретінде менің де өзіндік мақсаттарым бар. Ал, елімнің дамуына, гүлденуіне аянбай үлес қосу ең басты міндет.

Мен тәуелсіз елдің ұрпағымын! Осындай елде өмір сүретініме, Қазақстандық болғанымға мақтанам. Мен еркін елдің ұланымын! Бұл білгенге бақыт. Осы бақытты, осы қуанышты мына өлең шумақтарымен өрнектесем:

Ұлы елім әр кез маған кие едің,

Балаң болып мен басымды иемін.

Қазақ елі көркейе бер мәңгілік,

Мен өзіңді шын жүреппен сүйемін!

Амангүл Бағдоллақызы, менеджмент және халықаралық коммуникациялар факультеті, журналистика, 106 топ

Азирбаева Мөлдір,

Шет тілі: екі шетел тілі, 114-топ студенті

## Болашаққа сеніммен қарайық!

Міне, биыл еліміз тәуелсіздіктің 25 жылдығын тойлайды. Тәуелсіздікке жету оңай жолмен келеген жоқ, ол бәрімізге мәлім. Бұл қазақ халқының ғасырлар бойы көздеген арман-мұраттарының орындалуы.

Тәуелсіз мемлекетке айналу, бізге үлкен серпіліс, күш берді. Тарихи күш десе де болады. Біздің өз еркімізбен алға ұмтылуымызға, мемлекет болып өркендеуімізге жол ашылды.

Қазір біз болашағымызға сеніммен қарай алатын, зайырлы, өркениетті, индустриалдық жаңғырту жолында жоғарғы қарқынмен дамып келе жатқан мемлекетпіз.

Қазіргі таңда, Қазақстанның өзіндік үні, пікірі, мәртебесі бар. Біз әлемдік деңгейде аяғымызды сенімді басып, басқа елдер бізбен санасатын мемлекетке айналдық. Мұндай нәтижеге қол жеткізу үлкен шараларды, іс-әрекеттерді талап етеді. Яғни, ішкі және сыртқы саясатты дұрыс жүргізу, халықтың әлеуметтік-экономикалық тұрғыда өркендеуін, дүниежүзілік қауымдастықта өркениетті мемлекеттермен білікті қарым-қатынас жасау, өркен бір адамның қолында емес. Бірақ, халық атынан үлкен деңгейде сөйлей алатын, сөзін құлақ салып тындайтын, мемлекетке бағыт-бағдар беріп отыратын, ерекше тұлға, мемлекет басшысы – Президент.

Тәуелсіздік жариялаған сәттен бастап, Қазақстанды күтіп отырған оқиғалардың мән-жайын түсіну, ұғыну, мемлекеттің одан әрі даму үрдісін болжау және халықтың талғамына сай, ең тиімді даму стратегиясын таңдауда жан-жақты, қайсар, жігерлі, саясат жүргізуде көшбасшы және ой-өрісі кең, интеллектуалды тұлға ұқажет еді. Мұндай тарихи міндетті, Жаратушы осы қасиеттерге сай Елбасымыз - Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевқа бұйырды. Тәуелсіз мемлекеттің қазірге келбеті, бастан өткен сәтсіздіктері және Елбасының есімімен тікелей байланысты. Тарихи өтпелі кезеңде Елбасының рөлі айқын және ашық көрінеді.

25 жылда еліміз неше түрлі жетістіктерге жетті, биік белес, асуларды алды. Маңыздыларын Елбасымыз “Қазақстан – 2030” Стратегиясының толықтай орындалуында қорытындылап кетті. Яғни, ұлттық қауіпсіз, ішкі саяси тұрақтылық пен бірлік, ашық нарықтық экономикаға негізделген экономикалық өсу сияқты стратегияда белгіленген негізгі міндеттер орындалды.

Енді біздің алдымызда одан үлкен міндеттер тұр. 2012 жылғы желтоқсан айында, Елбасымыз “Қазақстан – 2030” Стратегиясын қорытындылай отырып, мемлекеттің жаңа саяси бағытын жариялады. Ондағы басты мақсат 2050 жылға қарай мықты мемлекеттің, дамыған экономиканың және жалпыға ортақ еңбектің негізінде берекелі қоғам құру.

Бұл мақсаттарға қол жеткізу үшін “Қазақстан – 2050” Стратегиясы жеті ұзақмерзімді басымдықтарды іске асыруды қарастырады. Бәріне тоқталудың қажеті жоқ деп ойлаймын. Әрине, бәрі маңызды, мейлінше кәсіпкерлікті, яғни ұлттық экономиканың жетекші күшін, ішкі нарықты өрі қарай жан-жақты қолдау керек. Өйткені,

отандық кәсіпкерлік экономиканың негізгі қозғаушы күші болады. Шағын және орта бизнесті қолдауда 1997 жылы құрылған “Даму” Кәсіпкерлікті Дамыту Қоры” Акционерлік қоғамының еңбегі орасан зор. Қазіргі таңда “Даму” Қоры кәсіпкерлердің несиелерін бойынша сыйақы мөлшерлемелерін субсидиялау және банктердің алдында кәсіпкерлердің несиелерін кепілдендіру саясатын жүзеге асыратын қаржылық агент болып табылады.

Жастарға заманауи білім берумен қатар, өңдеуші өнеркәсіпті жақсарту мақсатымен жаңа мамандар даярлау керек. Қазіргі таңда жастар көбінесе билікке ұмтылады. Мемлекетімізде бірі заңгер, бірі мұнайшы, бірі экономист болғысы келеді. Қазір осының салдарын көріп келеміз. Халықаралық нарықтың кесірінен болған мұнай бағасының түсуінен қаншама жұмысшыларымыз жұмыс орнынан босатылды. Артынан қол қусырып қарап отырған жанұялары, іні-қарындастары бар. Мұндай сценарий қайталанбау үшін жастардың экономиканың игерілімдей қалған салаларына құштарлығын ашу керек. Жастармен жұмысты тек сауаттылық жағынан ғана емес, мектептер мен жоғарғы оқу орындарын қазірге заманға сай техника-құралдармен, инновациялық жабдықтармен қамтамасыз ету керек.

Тағы айтып кететін жайт, бұл жастарды бизнеске деген құштарлығын ояту. Халықаралық тәжірибенің көрсетуі бойынша жастарды кәсіпкерлікте қолдау, жаңа жұмыс орындарды ашуымен қатар білікті мамандарды дайындауға жол ашылады. Сонымен қатар, еліміздің инновациялық даму жолына тезірек көшуіне мүмкіндік туғызады. Жастардың, менің ойымша, инновациялық жоғары белсенділігі, ойлаудың инновациялылығы, жедел түрде шешім қабылдауы, түрлі бөгеттерге илгіштігі, тәуекелге бейімделуі сияқты күшті жақтары бар. Жыл сайын Алматы қаласында кәсіпкерліктің жаһандық аптасы шеңберінде “Жастар Кәсіпкерлігінің Форумы” өтіп келеді. Одан әрі жас кәсіпкерлер клубы, бизнес инкубатор сияқты жобалар ашылып жатыр. Мемлекет тарапынан осындай жобаларға қаржылай көмек бөліну керек деп ойлаймын.

Әрине, біз көпұлтты және көпконфессиялы қоғам екенімізді ұмытпау керекпіз, бірақ ана тілі – қазақ тілін ары қарай дамытуымыз керек. Өйткені, ана тіліміз біздің рухани байлығымыз, тарихи құндылығымыз болып табылады. Өз тілімізді қай салада болмасын, ұялмай, керісінше қуана қолдануымыз қажет. Білмейтіндеріміз үйренуге талпынайық! Бірнеше жұмыс орнында қызмет істей келе, туған тілімізде, таза сөйлейтін адамдарды сирек кездестірдім. Кейбіреулер қазақ тілінде сөйлескен, тіпті менсінбей қарайды. Қазақ тілін дамытуда, мемлекет тарапынан неше түрлі жағдайлар жасалып жатыр. Тегін сабақтар берілуде, тегін видео таспалар таратылуда, осы мемлекеттен берілген сыйлықтарды пайдаланып алайық. Өзіміздің тілімізді қастерлеуді, құрметтесек, қоғам да өзгереді, ал біздің мәртебеміз одан сайын асқақтайды.

Алдымызда “ЭКСПО-2017” атты халықаралық көрме Астанада өткізілмекші. Ол Орталық Азияда және “Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына” кіретін мүше елдерде өтетін алғашқы көрме болмақ. Мұндай үлкен шараны біздің елде өткізу мемлекетіміздің жоғарғы деңгейін көрсетеді. Көрменің тақырыбы “болашақ энергиясы” деп аталады, яғни жасыл технологияларға арналған. Халықаралық көрмелер бюросына мүше елдерді таң қалдырған сұрақ, қазіргі таңда көкейкесті мәселе. Сарқылмайтын энергия көздері: күн сәулесі, жел, жер асты сулары арқылы энергия алу, болашақта адам баласына ең қажетті ресурс түрі. Бүкіләлемдік көрме 3 айға дейін жалғасады. Оған әлемнің 100-ге жуық елі және 10-нан астам халықаралық ұйымы қатысады. Көрмеге 2 миллионнан астам адам қатысады деген болжам бар.

Өтетін көрме, елдің өндірістік қуатына мықты серпін бере алады. Мұндай ауқымды және жауапкершілікті іс-шараны өткізуде біздің ел үшін пайдасы өте мол. Басқа елдермен достық қатынастар нығайымен қатар, жоғарыда айтылғандай, елімізге инвесторлар алып келеді, еліміздің мәртебесін жоғарлатады.

Қорыта келгенде, 25 жыл ішінде жеткен жетістіктердің маңыздылығын бағалай отырып, біз болашаққа сеніммен қарай аламыз. Елбасымыздың 90-шы жылдарда анықтаған стратегиясының арқасында біздің еліміз осындай аз уақыт ішінде құрметке ие, жетістіктерін танитын, сөзіне құлақ салатын мемлекетке айналып отыр. Елбасымыздың осы қиын жолда сіңірген еңбегі зор, баға жетпес.

Дүние керемет өзгеру жолында, бірақ біз ұлттық идеяны сақтап, тарихи мұра, құндылықтардың қасиетін жоғалтпай, кейінгі ұрпаққа аманат етуіміз керек. Әрине, ең бастысы, жеріміздегі ұлтаралық келісім, саяси тұрақтылық, ыңтымақтастықты сақтай отырып, көптеген нәтижеге жете аламыз.

Біздің ел тәуелсіздігін жариялаған күннен бастап, дүниежүзілік қоғамдастықтың белсенді мүшесі екенін жан-жақты дәлелдеді. Абайдың 150 жылдығын ЮНЕСКО шеңберінде тойлады. “Біріккен Ұлттар Ұйымы” шеңберінде 2002 жылы Алматыда, яғни тұңғыш рет Азия құрлығында 24 мемлекет басшысын біріктіріп, кеңес өткізді. “Шанхай ынтымақтастық ұйымын” құрудың негізгі ұйтқысы алғашқы ұсыныс жасаумен танылды. Одан әрі 2003 жылы Астанада тұңғыш рет әлемдік діндер жетекшілерінің съезін өткізумен тарихта аты жазылды. Алдымызда, 100-ге жуық елдің басын қосатын халықаралық көрме “ЭКСПО-2017”. Осының бәрін бағалауымыз керек.

Қазір біз өркендеудің жаңа жолына, әлеуметтік дамудың жаңа кезеңіне бет алдық. Елбасы бекіткен жаңа экономикалық бағамда жаңа бағдарламалар, оның бағыттары және нәтижеге жету жолдары көрсетілген. Сол бағытты ұстанып, болашаққа сеніммен қарайық!

Жантоқова Аігерім  
Шет тілі: екі шетел тілі, 114-топ

## Менің Қазақстаным

Ата-бабаларымыз ғасырлар бойы аңсаған тәуелсіздікке биыл 25жыл толып отыр. Бізге тәуелсіздік туын биікте самғатып, әлем мойындаған ел болуымызға себепші болған Желтоқсан оқиғасы еді. Сол ызғарлы желтоқсан есіме түскен кезде көзіме еріксіз жас келеді.

1986 жылғы 16 желтоқсанда Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің пленумы болды. Сол пленумда Д.А.Қонаев бірінші хатшы қызметінен босатылып, орнына бұрынғы Ульянов облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы болған Г.В.Колбин сайланды. Күллі әлемді дүр сілкінткен 1986 жылғы Алматыдағы желтоқсан оқиғасы қазақ топырағына ұлттық санасын, намысын жетелеген жаңа әрі қайсар буынның келгенін әйгіледі. Бейбіт шеруге шығып, билік тарапынан кінәлі деп саналған жастарымыздың бір бөлігі аяусыз жапа шексе, аман қалғандары өздері аңсаған азаттықты көруде. Уақыт емші деп өзімізді жұбатқанымызбен, қыршын кеткен бауырларымыз есімізге түскен кезде жан-жарасы жаңғырып, қайғының айықпас дертіне шалдыққаныңды терең сезіне түсесің. Қайрат Рұсқұлбеков, Ләззат Асанова, Сәбира Мұхамеджанова Ербол Сыпатаев сынды қандастырымызды естен шығару мүмкін бе? Олар қазақ тарихында мәңгілікке қалады.

1916 жылғы көтеріліс, тоталитарлық жүйенің 1920-30 жылдардағы алапат қуғын-сүргін саясаты, Ұлы Отан соғысы, 1986 жылғы дүниені дүр сілкіндірген желтоқсан оқиғасы. Мұның барлығы да қазақ жеріне ауыр жара салды. Қанша қиыншылық келсе де, біз оларды ұмытпаймыз. Себебі, бұл – тарих. «Өткенімізді ұмытсақ, болашақ бізді кешірмейді» деген ұлы даналық сөз бар емес пе? Осы даналықтың әрдайым жадымызда сақталғанын қалаймын.

Міне көзді ашып жұмғанша, биыл тәуелсіздіктің 25 жылдығын тойламақшымыз. Тәуелсіздікке жету бізге оңай жолмен келген жоқ, ол бәрімізге мәлім. Бұл ата-бабамыздың арманы еді. 25 жыл мемлекет үшін көп уақыт емес, осы аз уақыт ішінде Қазақстан аяғына нық тұрып, әлемге танылған мемлекет болды. 25 жылда талай өзгеріс болды. Қазақстан 70-тен астам халықаралық ұйымдардың белді мүшесі болды. АҚШ-тың 41-ші президенті, үлкен Буш Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтің көрегенділігінің арқасында, оған деген халық сенімінің арқасында Қазақстан осындай үлкен жетістікке жетті, әлемге танылды деген болатын. Еліміздегі бірлік пен ынтымақтың арқасында осындай жетістікке жетіп отырмыз. Осы уақытқа дейін еліміздің жалпы ішкі өнімі де, экономикаға тартылған инвестиция да 40 есе артты. Елімізде EXPO көрмесі, Универсиада секілді маңызды шаралар да өтеді.

Қазақстан егеменді, зайырлы, демократиялық, құқықтық және әлемге ашық танылған мемлекет. Қазақстанда көптеген ұлт нәсілдері өмір сүруде. Бұл қазақ жерінің жомарттығынан, осы өлкелерге тағдыр айдап келген барлығына құшағын кең жайып, пейілін кеңге салатын қазақ халқының мінезінен жаралған. Қазақстанда тұратын барлық халықтың татулығы мен бірлігінің мәні осында.

Мен өз Қазақстанымды қалай жақсы көрмеймін? Мен өз Отанымды қалай мақтан тұтпаймын? Ол мені өз құшағына алады, әрдайым жылулық сыйлайды. Мен туған және өскен жері біртұтас болғанда ғана адам бақытты болады деп ойлаймын. Мен қандай бақыттымын, өйткені сен барсың – менің Қазақстаным!

Құлмишева Әйгерім,  
Экономика және құқық факультеті,  
әлемдік экономика, 141-топ



Студенты КазУМОиМЯ имени Абылай хана поздравляют всех казахстанцев с наступающим 25-летием Независимости!!! Мира и процветания нашей Родине!!! Счастья и добра каждому казахстанцу!!!

**Общая редакция** – ректор КазУМОиМЯ им. Абылай хана, д.филол.н., профессор, член-корреспондент НАН РК, С.С. КУНАНБАЕВА

**Главный редактор** – начальник управления УМО, д.ф.н., Т.А. КУЛЬГИЛЬДИНОВА

**Редакционная коллегия:** дизайн, верстка КЫНЫРБЕКОВ Б.С.

**Учредитель** – АО «Казахский университет международных отношений и мировых языков» имени Абылай хана

Газета зарегистрирована в Национальном агентстве по делам печати и массовой информации Республики Казахстан

Подписано в печать: 31.10.2016 г., Заказ № 231. Тираж 100 экз.

Отпечатано в издательстве «Полилингва» КазУМОиМЯ им. Абылай хана, г. Алматы, ул. Муратбаева, 200